

ҚОШ БОЛ, БІРТУАР АСЫЛ АҒА!

Ойымызда ештеңе жоқ, бүкіл мұхмін мұсылман қауымымен бірге Қадыр түнін атқарып, таңертеңгілік күнделікті күйбең тірлігімізді бастадық. Күні кеше ашық, жайдары болып тұрған аспанды әредік қара бұлт торлап, көңіліміз әлденемеге жабырқаулы болатын. Кенеттен жай түскендей жайсыз хабар естідік. Дүниеден Ақаң өтіпті. Сенер, сенбесімізді білмей, жүзіміз сұрланып отырып қалдық. Көз алдымнан асыл ағамызбен алғашқы танысқан күннен бастап, әрбір кездескен сәттерім кинолентасындай тізбектеліп өтті...

Қолыма алғаш қалам алып, ала қағазды айналдыра бастаған кезімде ақылшы, қамқоршы болып еді. "Лениншіл жас" газетіне алғашқы өлеңдерімнің бірін бастырған да сол кісі болатын. 1974 жылы "Жалын" альманағына топтама өлеңдерім суретіммен жарияланғанда құттықтап, "Ал, Сәбит, жап-жақсы болып шықтың. Байқаймын, ойын-сауықты, сөйіл-серуенді ұнататын сияқтысың. Байқа, уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қаласың", - деп, жанашырлықпен алғаш рет ескерткен де сол Ақаң еді. Міне, енді бақилық болып кеткен ағаммен іштей күбірлеп сөйлеп отырмын.

Ақа, Сіз табиғат сыйлаған сабырлылық, ұстамдылық,

табандылық, әр құбылысқа байыппен қарап, терең бойлау сияқты асыл қасиеттеріңіздің арқасында тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен бастап қоғамды жаңарту, рухани құндылықтарды анықтау, сақтау, дамыту сияқты аса күрделі мәселелерді шешуге тікелей араластыңыз. Жарық керген барлық дерлік шығармаларыңызды бала жастан бертінге дейін сүйсініп, толғанып оқып келеміз.

Біздер, қарағандылық және жаңаарқалық жерлестеріңіз, Сізді ел ағасы, атақты жазушы, көрнекті ғалым, көсемсөз шебері, аузы дуалы абыз ретінде құрмет тұтып келдік, құрмет тұта береміз де.

Орны толмас ауыр қаза. Дүниеден тосыннан қайту қайталанбас дарын иелерінің маңдайына жазып қойғандайын, қарашы! Бұдан былай жерлестерің мен әдеби қауым ортасындағы Ақаңның ойсырап тұратын орнын кім толтырар екен?! Мақтаныш тұтатын, бетке ұстар даңқты жерлесім, ардақты Ақселеу ағам, қош бол! Жатар жерің жайлы болсын, жаның жәннатта, тәнің рахатта жай тапсын!

Сәбит БЕКСЕЙІТ.